

## МІНЕЗДЕМЕ

Осы мінездеме ТОО «Биохим снаб»

БИН 150740000480

директоры Ишғалиев Ильдар Равильевичке беріледі.

Ильдар Равильевич – қоғамға, дінге және ел бірлігіне жанашыр, жамағат арасында зор беделге ие, өнегелі де жауапкершілігі жоғары азамат. Ол Шыңғырлау ауданы аумағындағы аудандық және ауылдық мешіттердің қызметіне үнемі қолдау көрсетіп, қайырымдылық көмектерін тұрақты түрде ұсынып келеді.

Жамағат арасында ұйымдастырылатын діни-ағартушылық, әлеуметтік және қайырымдылық шаралардың бел ортасында жүріп, көпшілікке үлгі боларлық белсенділік танытады. Қиын жағдайда қалған жандарға қол ұшын созып, елдің ынтымағы мен бірлігіне үлес қосып жүрген азамат ретінде танылған.

Іскерлігімен қатар адамгершілігі, кішіпейілдігі, уәдеге берік мінезі және әділ ұстанымы арқылы жамағаттың зор құрметіне бөленген. Қоғамдық жұмыстарға жауапкершілікпен қарап, басталған істі соңына дейін абыроймен жеткізе білетін қасиетімен ерекшеленеді.

Ишғалиев Ильдар Равильевичті рухани және әлеуметтік тұрғыда елге пайдасы тиіп жүрген, сенім артуға лайық, үлгілі азамат ретінде толық сеніммен мінездейміз.

Шыңғырлау аудандық мешітінің бас имамы



Ә. Наурызбай